

БЕКІТІЛДІ
Университеттің ғылыми кеңесінің шешімімен
«Туран-Астана»
25 наурыз 2026 ж. № 8 хаттама

КАРТА
университеттегі студенттік ғылыми белсенділікті көтермелеу

* Ынталандыру шаралары тек бакалавриат студенттеріне қарастырылған.

** Барлық тармақтар бойынша жетістіктер iPOS/SSCI индексі есептеу кезінде ескеріледі.

№	Іс-шаралардың атауы	Көтермелеу шаралары
1	Рецензияланатын журналда немесе конференция жинағында ғылыми мақала дайындау және жариялау	«Үздік жас зерттеуші» сертификаты, мақаланы университеттің ғылыми журналына немесе жинағына енгізу мүмкіндігі
2	Университеттік, республикалық немесе халықаралық ғылыми байқауларға, олимпиадаларға қатысу және жүлделі орындар (1, 2, 3 орын) алу	Алғыс хат, құрмет грамотасы, университет сайты мен әлеуметтік желілерде жариялау, үлгерімді бағалау кезінде қосымша балл. Қосымша: республикалық ғылыми байқаулар (олимпиадалар) үшін 15-тен 30 мың теңгеге дейін және халықаралық байқаулар үшін 15-тен 45 мың теңгеге дейін.
3	Стартап әзірлеу	Акселерациялық бағдарламаға тегін қатысу мүмкіндігі (менторлық қызметтер, бизнес-инкубатор инфрақұрылымына қол жеткізу, кеңестер, сарапшылардан оқу, инвестиция тартуға көмек).

№	Іс-шаралардың атауы	Көтермелеу шаралары
		Инвестиция тарту және гранттық байқауларға қатысу шараларына қолдау. Қосымша: ерекше жағдайларда үздік стартап-жобаларды іске асыру үшін университет грантын бөлу мүмкіндігі.
4	Студенттік ғылыми семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге спікер ретінде қатысу	Қатысушы сертификаты, үздік баяндамаларды университет басылымдарына енгізу
5	Патентке (авторлық куәлікке) өтінім әзірлеу және қорғау	Өтінімді рәсімдеуге көмек, университет сайтында студенттік өнертапқыштар тізімінде атпен атау. Қосымша: патентті (авторлық куәлікті) рәсімдеу шығындарын өтеу.
6	Ғылыми үйірмені басқару, студенттер арасында ғылымды танымал ету бойынша іс-шаралар ұйымдастыру	«Студенттік ғылым көшбасшысы» құрметті атағы, университет басшылығынан ұсыныс хат алу мүмкіндігі
7	Университеттің гранттық ғылыми жобалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу	Жоба штатына кіші ғылыми қызметкер ретінде енгізу, ғылымдағы жұмыс тәжірибесін ресми растау. Қосымша: ғылыми жобада орындалған жұмыс үшін студенттерге төлем.

№	Іс-шаралардың атауы	Көтермелеу шаралары
8	Университет үшін цифрлық немесе мультимедиялық өнім (білім беру бейнекурсы, қосымша, онлайн-платформа және т.б.) құру	Әзірлеуші сертификаты, өнімді университет каналдары арқылы насихаттау, жобаны ашық іс-шараларда таныстыру
9	Университеттің ғылыми қызметі туралы ғылыми-көпшілік материалдар (мақалалар, бейнероликтер, инфографика) дайындау	Университеттік және серіктес БАҚ-та жариялау, ғылыми медиажобаның командасына түсу мүмкіндігі
10	Халықаралық академиялық бағдарламаларға, тағылымдамаларға, ғылыми алмасуларға қатысу	Шетелдік гранттар мен стипендияларға конкурстық іріктеуге кепілдік берілген қатысу
11	Студенттік зерттеу қауымдастықтары мен бастамаларын құру	Университет тарапынан қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау, кездесулер үшін орын беру
12	Жылдың үздік студент-зерттеушілері (ғылыми жетістіктері бойынша)	«Университеттің Ғылым алтын кітабына» енгізу, салтанатты рәсімде марапаттау. Қосымша: ақылы оқу нысанындағы студенттерге келесі оқу жылында оқу ақысына 10%-дан 50%-ға дейін жеңілдік.
13	Студенттің зерттеушілік белсенділігі	Зерттеу GPA көрсетілген сертификат беру және «Туран-Астана» университетінің магистратурасына және кейін докторантурасына түсу үшін ұсыным.

Ғылым және инновациялар
департаментінің директоры

Ғылым және коммерцияландыру
жөніндегі проректор



А.М. Нурманов



С.Ж. Смоилов